

**МКҚК №39 «Достық» балабақшасының Қамқорлық кеңесі
отырысының хаттамасы
№3**

Ақтөбе қаласы.

« 10» «03» 2021 жыл

Қатысушылар:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері, 10 топ ата аналар комитетінің төрайымдары, әкімшілік кәсіподақ комитетінің төрайымы және №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының педагогтары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау

№39 «Достық» балабақша әдіскері: Аманжолова А.С

2. №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының өткізілген Өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы қорытындылары.

№39 «Достық» балабақша меңгерушісі: Уркимбаева А.Ж

Тындалды.

№39 «Достық» балабақшасының меңгерушісі А.Ж Уркимбаева кезекті Қамқоршылық кеңесі отырысына қатысушылармен қаралатын мәселелерді таныстырды.

Бірінші сұрақ бойынша: Аманжолова А.С – Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын балабақша ішінде және балабақша аумағында болған уақытта, ҚР министрлігінің «Балабақшада және аумағында бала өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру туралы» нұсқаулықпен барлық балабақша қызметкерлері таныстырылады және қатаң түрде талап етіледі.

Шаруашылық меңгерушісі А.Т Жусупова-ойын аймақтарын қадағалап, аймақтағы қауіпті жабдықтарды жөндеп толықтырады. мейірбике Г.О Тайшиева топтардағы тазалықты қадағалайды. Топтардың ішінде, серуен кезінде, кіріп-шығу жолдарында бала өмірі мен денсаулығын қорғауға тәрбиешілер тікелей жауапты. Денешынықтыру, музыка сабақтарында бала өмірі мен денсаулығына мамандар жауап береді.

Екінші сұрақ бойынша: №39 «Достық» балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасына 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру Ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар», 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығы және ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны

камтамасыз ету департаментінің»20.01.2022жылғы №17-12-04-6/53 хаты және 27.01.2022жыл МКҚК №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» №118 /1 бұйрығы негізінде 2022 жылдың ақпан айының 1-10 аралағында №39 «Достық» бөбекжай балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді. Бөбекжай балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және педагогтарды нормативтік- құқықтық актілерімен таныстыру бойынша жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу мақсатында комиссия келесі құрамда бекітілді.

1. Комиссия төрайымы- Уркимбаева А.Ж-№39 «Достық»бөбекжай балабақшасының меңгерушісі;
2. Аманжолова А.С- №39 «Достық»бөбекжай балабақшасының әдіскері;
3. Абилова Г.Н- №39 «Достық»бөбекжай балабақшасының психологі;
4. Табышева Л.Т- №39 «Достық»бөбекжай балабақшасының кәсіподақ төрайымы;
5. Сариева Н.П- №39 «Достық»бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі;
2022 жылдың наурыз айының 1-і күні өзін-өзі бағалау материалдары балабақшаның интернет-ресурсына (сайт) орналастырылды және сілтемесі Департаментке ұсынылды.

Шығып сөйлеушілер: ата-аналар комитетінің төрайымы -А.Шанық балаларымыздың өмір қауіпсіздігіне баса назар аударуымыз қажет. Оларға балабақшада, үйде, көшеде, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін түсіндіріп айтып отыруымыз керек.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібнің барлық сұрақтарын талқылай отырып

ШЕШІМ:

1. Балабақшада тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігін сақтау шаралары жалғастырылсын
2. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша «жақсы»деңгейде деп есептелсін

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Вишняк В.С

Ұзақбай Г.Б